

мәнді пікірлерге ие болды. Баспасөздің релизінің мақсатты көлемі 2500-ден астам белгісі бар 1,5-2 беттік болып табылады [4]. Біздің пікірімізше баспасөз релизі 1беттен аспауы қажет. Себебі, бұл жанр негізгі және жедел болып табылады. Барлық кең көлемдегі ақпарат баспасөз релизге қосымша ретінде басқа түрлі жанр мәтіндерінде берілуі қажет.

Баспасөз парағының өзінің жеке атауы болуы керек және оның мақсаты жаңалықтың мәнін ашып, түйінін көрсететін маңызды ақпаратты түйіндейтіндей болуы қажет.

С.Блэк «Баспасөз релиз атауы тақырыпты ашып тұруы қажет», -деп көрсетіп кеткен. Баспасөз парағы атауы журналистерше көзге оттай басылып тұратындай болмауы қажет. Бірақ кей-кезде осындай көзге оттай басылып тұрған атаулар БАҚ ұйымы редакциясына келетін басқа да мәтіндік материалдар ағынының ішінде жеке дара көрініп жатады. Аталған талап релиздің жекелеген адресік немесе БАҚ ұйымының нақты бір редакциясына, редакцияның нақты бір бөліміне, белгілі бір журналистке бағытталған болуы мүмкін.

Сонымен қатар, баспасөз парағында ақпараттың бөлшектеу сипаты, фактілердің болатынын айта кету керек. Бұлда нақты бір қабылдап алушыға байланысты болады. Сондықтан әртүрлі редакцияларда БАҚ белгілі бір форматында нақты ұйымға бейімделген баспасөз релизді жіберу кездесіп жатады. Баспасөз парағында жартылай айқын қаріппен жазылатын қандайда бір мәтіндік айшықталу болмауы қажет (астын сызу т.б).

Баспасөз парағының тілдік және стилистикалық безендірілуі, журналист мәтінді түгелдей немесе бір бөлігін алып басатындай болуы керек. Бұған баспасөз релизіндегі мәтіннің қанатты сөзі сәйкес келеді. Әдебиетте баспасөз парағының әртүрін кездестурге болады. М.А.Шишкина екі негізгі түрге бөледі: ағымдағы (БАҚ-қа берілетін күнделікті жаңалық) және тематикалық (маңызды оқиға немесе ұйымға арналған маңызды оқиғалар мен акциялар) [2]. Біз баспасөз парағын PR мәтінінің жанры бэкграундер ретінде қарастырдық. Қорыта келе баспасөз парағын мына үш түрде қарастырамыз:

1. Баспасөз парағы (пресс релиз), ол ақпараттық мақала ретінде құрылады. Пресс-релиз- бұл бір немесе екі бет көлемінде теріліп жазылған материал. Жаңалық сияқты ол да бірінші абзацында алты маңызды деген сұрақтарға жауап беру керек. Яғни олар, кім?, не?, қайда?, қашан?, неге?, қалай? деген сауалдар.

2.Баспасөз-анонс (пресс анонс), пресс-релизге ұқсас бірақ ол алда болатын оқиғаның немесе шара жайлы жазылады. Анонс өзінің кім,не,қашан,қайда және қалай деген негізгі сұрақтарына жауап іздеуі қажет.Оның көлемі бір беттен аспауы керек.

3.Анықтама немесе ескертпе қағазы. Кеңейтілген баспасөз парағы. Ол ақпаратты бүге шүгесіне дейін айқындап жеткізеді. Ол әркез нақты дәлелденген фактіге, статистикалық мәліметке сүйеніп жазылады. Тәртіп бойынша пресс-релизбен бірге таратылады. Анықтама 4-5 бет болуы керек. Және де оның берілу сипаты да ерекше, яғни көзге түсерліктей көркемделуі қажет. Визуалды материалдарға суреттер, графикалар, диаграммалар, карталар кіреді. Биография да пресс-релизбен бірге беріледі. Қағазда белгілі бір мекеменің немесе тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы, телефондары жайлы анықтамалар болуы шарт. Мысалы ақ үйде журналистерге жыл сайынғы брифингтердің, президенттердің жолдаулары жайлы транскриптер таратылады. Әркезде зиялы қауым өкілдері өздері жайлы жарияланған жағымды материалдарды жинақтап, медиа-комплектке орналастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Доти Дороти. Паблицити и паблик рилейшнз.М.,1996.
2. Блэк С. Паблик рилейшнз. Что это такое? М., 1990
3. Чумиков А.Н. Связи с общественностью.М.,2001.
4. Блэк С. Конкретный и конкуретный PR. М, 2004

*Әбдуов М.І., ф.ғ.д., профессор,
Әбдіхалықова А.Қ., магистрант,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Белгілі ғалым Б.Абылқасымов ХІХ ғасырда қазақ даласында 300-ден астам халық ақындарының болғандығын айтады. Өнер сүйгіш, өлең сүйгіш елде ХХ ғасырдың басында да жазба ақындықпен дәстүрлі суырыпсалмалықты қатар ұстанған көптеген өнерпаздардың өмір сүргендігін жоққа шығара алмаймыз. Бұл сипатта қазақ елінің барлық өлкесіне тән құбылыс. Олардың бір парасы басқа түскен заман тауқыметінің көзімен көріп іштей сезсе де қоғамға қарсы тұра алмай мойынсынды. Ал екінші бөлігі шыбын жандарын шүберекке түйіп, бастарын оққа байлап, елдің ішкі жай-күйін, келеңсіз көріністерді, әділетсіз әрекеттерді қаймықпай жырлады.

Ел үстіне қара бұлттай түнген тағдыр тауқыметімен алыса жүріп, дәстүрлі дүниелерді де назардан тыс қалдырмады. Мәселен, Әбіш, Мәди, Жуасбайдың айтысын мысал ретінде келтіруге болады. Ол туралы ел ішіне тараған әңгіме де бар. 1915 жылдың жазында белгілі ақын Нарманбек Орманбетұлының ұйымдастыруымен үлкен бас қосу өткізіледі. Ондағы негізгі себеп абақтыдан басап келген Мәди ақынды шақырып, қонақ ету болатын. Алдын ала елдің игі жақсылары бас қосыпты. Олардың арасында Адамбай-Тұрсынның Топатайы, Ақсаққалдау елінен Тілешбай, Өлтеке Қосыбай шешен, Сарым-Байдәулет, Тапақтың Ахметжаны тәрізді сыйлы тұлғаларда болыпты. Мәди келерден біраз уақыт бұрын үлкен дәмде отырғанда Нарманбет:

- Иісі Орта жүзге би болып, кейінгіге саналы сөз қалдырған Қазбек бабамыздың әруағы риза болсын деп, ұрпағы Мәди ақынды шақыртып отырмын. Ақсоранның бауырына үй тіккіздім. Он ту бие мен он құлын сойғыздым, алты саба қымыз дайындаттым. Ауыл жігіттеріне айтып, балуан күрес ұйымдастыртамын. Қандай ойларыңыз бар? – деп сауал тастайды. Тілеш бай тұрып:

- Мәди келген күні өзінен бата сұрап, бір ақ боз атты құрмалдыққа шалайық, ол менің мойынымда болсын! – дейді. Топатай:

- Бір саба саумалды сары уыз күйінде сақтап, сусын ретінде беріп отырайық, ол менің міндетімде болсын! – депті. Қосыбай шешен:

- Серін сергітер бір амал әнші-домбырашылардың өнері, оған мен жауапты болайын! – дейді. Талпақтың Ахметжаны:

Әншіні ширататын саз емес пе?

Аңшыны ширататын тазы емес пе?

Балуанды ширататын күрес,

Батырды ширататын сайыс,

Шешенді ширататын сөз,

Ақынды ширататын айтыс, ел ішіндегі ақындардың басын қосып, айтысты өткізу менің мойынымда болсын! – депті.

Сонан Әбіш, Түсетай, Жуас, Жуасбай, Бабас тәрізді ақындар келіп, айтыс ұйымдастырылып, оған Мәдидің өзі де араласып, ақындардың тамаша сайысы өтеді. Сол айтыста біраз тұлғалы ел адамдарының аттары да айтылған. Мәселен,

Қапастан ұштың босап бұл-бұл құсым,

Мақпазда әр не болса жазу үшін.

Арғымақ аса шауып торға түстің,

Көтермей ағайынның қайрат күшін [1, 99], -

деп Әбіш жырлағанда, біз Мәдидің абақтыдан жақында ғана босап шыққандығын аңғарамыз.

Әбенмен, Топатайға сәлем жаздым,

Қараңыз серпініне өнерпаздың.

Надан деп, қарға қылып қарқылдатып,

Мырзалар, несін алдым кәрі таздың? [1, 103] –

деген жолдардан Топатай мен Әбеннің есімін кездестіреміз, сондай-ақ:

Нарекеннен табылған сөздің нәрі,

Таниды Нарекенді жұрттың бәрі,

Абайша тақпақтатып жөнелгенде,

Кеудеңе орнығады Әсем сазы.

Исламда біз де кенде қалғанбызжоқ,

Елімнен Меке барған Талпақ қажы [1, 105], -

деп Ахметжанның әкесінің де елге сыйлы болғандығын аңғартады.

Арқаға танымалы болған от ауызды, орақ тілді халық ақындарының бірі – Тәшен Исаұлы. Шыққан тегі – Қаракесек ішіндегі Әлтеке-Есболай. Әкесі – Иса дәулетті, өз ортасына сыйлы, салиқалы адам болған. Баласы Тәшен жас кезінен ақындық қабілетімен көзге түскен соң ауыл молласынан оқып сауат ашқан оны Шортанбай ақынға апарып, батасын алғызады. Туған жері – Ақтоғай ауданына қарасты Жәмші өзенінің бойы. Ер жете келе ақындық дарындылығымен ерекше көзге түскен Тәшен көпшілік бас қосқан жиындардың, тойлардың ұйытқысына айналады. Отарлау саясатының зардаптарына шыдамаған халықтың жан күйзелісін ақындарға тән байқампаздықпен аңғара білген ол сын тұрғысында шағын шумақтардан тұратын өлеңдер шығарған.

Мал жүдеген арықтан,

Елде әлсіз тарыққан,

Күннен күнге көңіл пәс

Құтыла алмай салықтан.

Өңмендеген ұлықтар,

Қысылмайды халықтан [2, 96].

Ақын шығармашылығы – дәуір айнасы. Қандай да бір тарихи дерекке бүге-шүгесіне дейін көз жеткізу қажет болғанда мүмкін болса өнер адамдарының мұрасына жүгінеріміз сөзсіз. Осы келтірілген алты жол өлеңнің өзі елдің ішкі тыныс-тіршілігінен хабар беріп тұр. Ақынның мұрасын бүгінгі күнге жеткізуші аталас ұрпағы Тыйыштыбайдың Қасені. Кезінде Ақтоғай ауданының Жәмші ауылында тұрған еді, бүгінде марқұм болған. Ақсақалдың айтуы бойынша Тәшен 1871 жылы өмірге келіп, 1932 жылы қайтыс болған. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында саясатқа сәйкес келмейтін өлеңдері үшін қуғын-сүргінге ұшыраған. Баласы Қайыркүл Ұлы Отан соғысынан қайтып оралмаған. Онан өрбіген үш баланың екеуі Балқашта, біреуі Ақтоғайда тұратын. Есімдері: Береке, Қайрат, Талғат.

Анығында Тәшеннің мұрасы бүгінгі таңға толық жеткен деп айтуға болмайды. Кеңестік кезеңде туындыларын айтуын тиым салған ақындардың бірі болғандықтан шығармалардың басым бөлігі ұмыт болған. Десек те, бізге жеткен өлеңдерінен ақынды құлашын кең алатын алыптардың қатарына жатқызуға болатын аңғарамыз. Ақын өлеңдері тақырыбының бірі – Ел бірлігі. Ертеден келе жатқан жер дауы, жесір дауы, ХІХ ғасырдың аяғында отарлау саясатының нәтижесінде өрши түсті. Шұрайлы жерлерді орыс көпестері алып иемденіп жатқандықтан жайылым ауқымы азайғандығы баршаға мәлім. Міне, осындай сәттерде көршілес елдердің жер үшін болған алауыздықтарына тосқауыл қойған осы Тәшендер еді. Ақынның аталас туысқаны Сатыбалдының Медетпегі Нұралы деген болыстың тұсында ақынның жер дауын тапқырлықпен, айқай-шусыз шешкендігін айтқан еді.

Таласты бұл екі ру шағын жерге,

Дауласты түскенінше қара терге,

Бұл жайдың төрелігін мен айтайын,

Тыңдағың, уа, халайық, маған бер де!

Тоғанның бір басы менікі, бір басы сенікі болсын [2, 89], - депті.

Әрине, ақынды осындай мазмұндағы шығармалары үшін қуғын сүргінге салмайды. Бірақ, елін, жерін сүйген ақын көптің мұң-мұқтажын жоқтамай және тұра алмайды. Тәшеннің де тұзаққа түсуіне себеп болған әділетсіздікті айқындаған туындылар.

1914 жылы І дүниежүзілік соғысқа патшалы Ресейдің де қатысқаны тарихтан белгілі. Бұл жағдай тек қана Ресей емес, бодан болған басқа халықтардың да күйзеліске ұшырауына себеп болды. Озбырлық, зорлық-зомбылық, сонымен қатар салықтың өсуі, елдің жай-күйімен шенеуліктердің санаспауы, мал басының азаюуына, тұрмыстың ауырлауына әкелді. Ел экономикасы құлдырап кетті. Б.Жұмақеваның «Қазақстан тарихы» еңбегінде: «Соғыс жылдары тек Түркістаннан майдандағы әскерлердің қажеті үшін 38 мың шаршы метр киіз, 300 мың пұт ет, 473 928 пұт балық, 70 мың жылқы, 12 797 түйе күштеп алынып майдан аймақтарына жіберілді. Қазақ шаруаларын кәсіпорындарға байқұлақ шаруашылықтарына жалдап жұмыс істету күшейді» [3, 161], - деп жазды. Осындай әрекеттер қазақ даласының барлық аймақтарында жүргізілді. Сонымен қатар, 1916 жылдың 25

маусымында патшаның «Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ережесі» қабылданды. Енді солдатқа, нақтырақ айтқанда қара жұмысқа қазақ жастарын жаппай алу іске асырыла бастады. Бұл ереже негізінде жүзеге асырылған әрекеттерел ішіне ірткі салуды, ағайынмен ағайынды жауластыруды туғызды.

Б.Жұмақаева: «Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісімен ортағасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп казуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберілу көзделді. Қазақтардың туу туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалары мен ауыл старшындары жастардың асқандығына қарамаситан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге қосып» ал, феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермейді амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жыстағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25-30-дағы бай балалары 50 жастағы болып жазылды» [3, 169] деп көрсетеді. Осы жағдайды Тәшен ақын былайша сипаттайды:

Кү туды етек басып, ел сасқандай,
Қысылып еркін жүйрік тер шашқандай,
Патшаның қалап қойған би болысы
Қол қойып, не болды, мөр басқандай! [2, 86]

«Кү қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» демекші, қайрат қылар мүмкіндік жоқ. Сондықтан ақын:

Ей, Алла жердем бергей мұсылманға,
Патшаның қаһарынан қысылғанда.
Ғаламды 18 мың жоқтан бар қып
Жан бердің тәрбиелеп барша жанға.
Өзіңе сыйынамыз патша құдай,
Өтейміз дәргәһіңнен жылай-жылай
Еркімен мұсылманды жүргізіп-ең,
Сақтайгөр сау-саламат бұдан былай! [2, 87]

Тоқырауынның киелі топырағында өткен дүлділдердің қатарына Тәшен атты тағы бір шок жұлдыздың жарқырай жанып, ұрпақ мақтанышына айналар есімінің ел жадында сақталары анық. Кәрсон елінің айтулы азаматы Боранқұл 52 жасында тосыннан ауырып дүние салады. Дәмен молданы ерте барған Тәшен Боранқұлдың інісі Райымқұлға көңіл айтып, қайғысын басу мақсатында «Райымқұлға көңіл айту» деп аталатын шағын толғауын шығарған. Бұл толғау Аймағанбетұлы Мұхаметжан мен Сүлейменұлы Ысқақ қариялардан жазылып алынған. Толғау көлемі шағын болғанымен ақынның тектілігін, тапқырлығын, қиыннан қиыстырар төселген сөз шебері екенін танытатын дүние.

Тәшен кезінде Дия қажымен де достық қарым – қатыснаста болған адам. Олардың арасында ақындық әзілмен қақтығысатын сөз қайырмаалары да кездеседі. Әлтекедегі Әділдің Шәйкенінің қазасынан хабарсыз қалған Дия, келе аламағандықтан Тәшенге өкпе назын айтып 1924 жылы хат жібереді.

Тәшеке заман жақсы, халық жайда,
Ыңғайлы шақыруға Бәшей қайда?
Есболай Өтегеннің бірлігі бар,
Дейтұғын Әлтекенің сөзі қайда?
Оған Тәшен былайша жауап жазыпты:
Домбыраның тілі жоқ,
Құлағын бұрап күйлесе.
Қызыл тілде буын жоқ,
Қауасын тауып сөйлесе.
Қайтер едің қажыеке?
Өзіңнің өліп артыңда
Бағай, Шибан, Әлібек,
Мұқай бәрін билесе [2, 103].

Осы хатты алған Дия қажы:

«Ой, әттеген-ай! Тәшекеңе бекер тисіппін-ау!» депті.

Бір жылдары Тәшен елінің жылқысы барымталанып, ақын Боранқұлға келіп, 41 жылқысын алып кеткенін айтады. Сондағы Тәшеннің сөзі:

Бадам, Шадам туғанда жылан болды,

Андас, Жолдас туғанда ылаң болды,

41 жылқы жау алып 4 қалып,

Екеуі баран, екеуі құлан болды [2, 87].

Сөйтіп, барымталаған малын Боранқұлдың көмегімен қайтарған екен. Ақынның Боранқұл қайтыс болғанда айтқан көңіл айтуы ел ішінде сақталған.

Тәшен ақынның кеңес дәуірі тұсында қуғындалуына себепкер болған жағдай оның шығармаларында кәмпескете наразылық білдірген өлеңдерінің туындауы. Ақынның сол кезде аңғарған бір жағдайы, тәркілеуге алынған мал мүліктің ортаға түспей із түзсіз жоғалып кетуі. Алысты болжағыш ақынға бұл жағдай Қазақстан байлығын ысырапқа салынғандай болып көрінеді. Ақын 1937 жылға ілікпей қайтыс болған еді. Егер іліккенде ол да Диалар тәрізді жазаға ұшырар ма еді? Кеңес үкіметі тұсында Тәшеннің өлеңдері жарыққа шықпаған. Сол заманды суреттейтін бір өлеңі Хасен ақсақалдың аузынан жазылып алынған.

Жинаған мүлік, айдаған мал құлан болды,

Ағайынға айтқан сөзің ылаң болды.

Дос пенен туыскандар қарсы шығып,

Бәрі де қарашұбар жылан болды.

Қарағай қайың менен қайсақ болды,

Түлкідей түлегендер қарсақ болды.

Жүгіріп біреу дауға, біреу шуға,

Таба алмай ешбір айла шаршап болды [2, 110].

Халық ақындарының басым көпшілігінде кездесетін тақырып, 1 жастан 100 жасқа дейінгі адам өмірінің белестерін өлеңмен айшықтау. Осы мәселеген Тәшен ақын өз тұрғысынан өзгеше үнмен келген. Дәстүрге айналған тәртіпте әрбір он жасты бір биікке балап, бейнелегендігі белгілі. Мәселен: «Бір жас бар он жас деген ойнақтаған, жастық шақ еш нәрсені ойлатпаған». Ал, Тәшен болса осы дәстүрді өзгертіп, бейнелеуді бесік жасынан бастайды:

Әуелі жаттық жөргекте,

Шырылдап дауыс бөбек боп.

Мың айналып толғанып,

Анамыз жүрді өбектеп [2, 81].

Сондай-ақ, көптеген толғауларда 40 жастық белесті қынаптағы қылышқа теңейді. Ал, Тәшенде бұл жай өзгеше. Яғни, 40 жасты азаматтың айбыны мен айбарының бәсендейтін кезі деп түсіндіреді. Ақынның тілімен айтсақ:

Мұнан кейін тағы да,

Қырық келер қырымнан.

Қиындау ма япырым-ай,

Мұның өзі бұрыннан [2, 83].

Ал, соңғы түйін деп саналатын жүзге жеткенде:

Бойындағы қуатты,

Кәрілікке алғыздың.

Жүзіндегі шуақты

Өткен күнде қалғыздың.

Басқа шара дәрмен жоқ,

Өзіне сыйын жалғыздың [2, 85].

Бұл – қорытынды сөз. Яғни, Жаратушыға сыйынғаннан басқа жол жоқ дегенді аңғартып тұр. Осы тұстағы тағы бір байқалып тұрған мәселе, ақынның дінге, исламға деген көзқарасы. Түйіндей келгенде айтарымыз, бізге жеткен ақын мұраларының жастарды адамгершілікке тәрбиелеудегі мәні зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақындар поэзиясының антологиясы. – Қарағанды: Болашақ баспа, 1999. – 197 б.
2. Сәрінжіп ақын және оның тұстастары: ғылыми-шығармашылық жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 184 б.
3. Б.Жұмақаева. Қазақстан тарихы. – Алматы: Рауан, 2003. – 274 б.

«АЙТЫС (ҚАЛА АҚЫНЫ МЕН ДАЛА АҚЫНЫНЫҢ АЙТЫСҚАНЫ)» ПОЭМАСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Әділова А.С., ф.ғ.д., профессор
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әр ұлттың және жалпы адамзаттың рухани құндылықтарының бірі де бірегейі саналатын әдебиетте әлем халқы үшін қай кезеңде де жауһар болып қала беретін туындылар да, белгілі бір кезеңде қоғам қажеттілігіне айналатын шығармалар да, түрлі объективті және субъективті, көбіне идеологиялық, себептерге байланысты назардан тыс қалып жататын еңбектер де бар екені мәлім. Сондай туындылардың бірі – «Айтыс» поэмасы.

Өткен ғасырда өмір сүрген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың соңғы шығармасы деп есептелетін, құрылымы соны «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)» поэмасы 1919 жылы жазылғанмен, аяқталмай қалған. Кезінде авторды дала ақынының өзі деп есептеп, ескілікті аңсаушы, алашордашыл, ұлтшыл, ұсақ буржуазияшы ретінде айыптауға негіз болған поэмада дәстүрлі қазақы дүниетанымның өзгеруінің нақты себебі қала деп көрсетілмесе де, көптеген мәселелерге қатысты өзіндік бағалау ашық қайшылыққа құрылған.

Қазақ халқының өркениетпен бірге келген, келетін түрлі өзгерістерден әлі де болса ада, таза кезінде жазылған бұл туындыда автор дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, дала, сол далада өмір сүріп жатқан адамдар, даланың артықшылығы туралы өз пайым-танымын көрсетеді.

Ақын даланы, даланың ерке баласы қазақты эмоционалды реңі айқын, экспрессивтілігі жоғары, жағымды коннотациялы лексикалық бірліктермен сипаттайды. Даланың әр маусымдағы табиғаты, онда тіршілік кешіп жатқан халықтың түрлі әлеуметтік топтары, адамдар арасындағы шынайы туыстық, жанашырлық қатынастар, ұлттық дәстүрлер, ел билеушілер мен қарапайым халықтың сөзге тоқтауы, ел шетін қорғаған батырлар мен ислам дініне беріктік, қыр қазақтарында сақталған ана тілі мен кеңдік, тіл арқылы көрінетін діл-болмыс пен ұлттық ұстанымдар, жомарттық, үлкенді сыйлау, шынайылық сияқты ерекшелік-қасиеттерді көрсетеді. Аталған түсініктер тура мағынадағы номинативтер арқылы, тұрақты тіркестермен және ақын танымына сәйкес ой модельдерімен берілген: Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын; Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ; Ерікті ең даланың құсынша ұшып, ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп; Даламның кеңшілігін, бейқамдығын, Жаным іздеп, жүрегім сүйеді анық; Даладағы фальшысыз самородтың, Олармен ауыстырман бір күлісін; Ақ көйлек дала адамы аңқылдаған, Жүрегінен мейірімі сарқылмаған, т.б.

Алайда ол біртіндеп мәтін модальділігін өзгертеді, яғни оның сөзінде алаңдаушылық, сенімсіздік, болашақтан үрейлену тәрізді сезімдерді сипаттайтын жағымсыз мәнді тілдік бірліктер пайда болады, бұлар көбінесе қала тұрмысы, күнделікті тіршілік, ондағы адами қасиеттердің өзгеруі, мінез-құлқтың құбылмалылығы, әлеуметтік жіктің тереңдеуі, әділетсіздік, жалғандық т.б. секілді мәселелерді суреттегенде жиі байқалады: Қылсам да мұны көріп шүкіршілік, Жүрегім сескенеді нені біліп? Қорқамын бұл заманы кетер ме деп, Қаладан қазағымна мінез жұғып; Мас болып партияға қызып алған, Далалық табиғатын бұзып алған; Жұқтырдың көп күйенді, қала, маған, Бізді де қойған жоқсың есен-аман...

Даланы жайлаған өз халқының өміріне, мінез-құлқына, билікке таласына С. Торайғыровтың көңілі толмайды, сондықтан да қала ақынының жауабына түрлі сын көзқарасын салғаны байқалады.

Бұл поэманың тілдік ерекшеліктері қатарында этнолексиканы, авторлық-индивидуалды қолданыстарды, түрлі функционалдық стиль бірліктерін, келтірінді құрылымдарды атауға болады.

Поэмада мазмұндық-нақты ақпарат арқылы «Кедейден де көреді итін жақсы, Байыса, не ұлық боп сіздің халық» деп берілген жағымсыз коннотация ауызекі сөйлеу тілі элементтерімен мазмұндық-астарлы ақпаратқа ұштасады: «Қазақ өмірін білмейтін шаштыларға, Теріс төре айтқызып